

ЭВОЛЮЦИОНИЗМ

Орындаған: Ги-21 тобының студенті
Асауов Н.

Қабылдаған: Жакин Маулен Советович

Жоспар

1. Шығу тарихы.
 2. Негізгі өкілдері.
 3. Эволюционизмнің негізгі қағидалары.
 4. Эволюционизмнің осал тұстары және құлдырауы.
- Қорытынды.
- Пайдаланылған әдебиеттер.

“Эволюционизм” дегеніміз – эволюция жолымен даму туралы ілім. Оның негізін қалаушылар болып, мәдени эволюцияның даму сатыларын зерттеген Фридрих Клемм және өзінің “Адамзаттың ежелгі тарихы” (1865) атты кітабында эволюционістік ойларын білдірген Эдвард Тэйлор есептеледі.




Шығу тарихы


- Ең алғашқы этнологиялық теория - эволюционизмнің қалыптасуы ХІХ ғасырдың ортасына сәйкес келеді және сол кездің еуропалық ғылымның әдіснамалық ұстанымдары мен ашылған жаңалықтардың әсерінен туындады. Алдымен жаратылыстану ғылымында дамыған бұл концепция, этнологтарды рухтардырып жаңа ашылымдарға деген шабыт туғызды.

- Эволюционистік этнологияның классиктері адамзат мәдениеті дамуының жалпы заңдылықтарын ашып және негіздеп, оның эволюциясы туралы, яғни төменгі сатыдан жоғарғы сатыға қарай дамиды деген ілімді жасап шығарды. Жоғарыда аталған эволюционистік этнологияның классиктері:


Адольф Бастиан




Льюис Генри Морган




Джеймс Фрезер



Николай Харузин



Морганның зерттеуі бойынша адамзат тарихы 3 үлкен кезеңнен: тағылық, жабайылық және өркениеттен тұрады. Оның теориясы бойынша бір сатыдан екінші сатыға өту тамақпен қамтамасыз ету тәсілдерінің елеулі эволюциясы және еңбек құралдарының неғұрлым жетілдірілген түрлерін жасаудың арқасында іске асып отырады. Осы өзгерістердің ізімен адам өмірін қоғамдық ұйымдастыру қалыптары дамып, біртіндеп ұжымдық меншіктен жеке меншікке өту үрдісі орын алады.



XIX ғ. 60-70-ші жылдары Й.Бахофен, Дж.Мак-Леннан, Дж.Леббок, Г.Спенсер адам бірлестіктерінің әртүрлі қалыптарының қалыптасу тарихын қарастырған зерттеулер жүргізді. Этнологтар жабайы адамның өркениеттік қалыпқа дейінгі даму үрдісін сипаттауға талпынды. Өздерінің зерттеулерінде олар ертедегі халықтар туралы тарихи деректерге, сонымен бірге адамзат тарихын бейнелейтін этнографиялық фактілерге жүгінді.



Сонымен бірге зерттеудің салыстырмалы-этнологиялық әдісі де кең тарады. Оның аясында семья тарихы (Г.Л. Морган), балалық шақ (Д. Мак-Леннан), діни сенімнің (Э. Тайлор) және т.б. нақты мәселелері қарастырылды.

Эволюционизмнің негізгі қағидалары

1. Адамзаттың шығу тегі бір, сондықтан барлық адамдар бәріне бірдей тән ақыл-еске ие және бір-біріне ұқсас жағдайларда бірдей шешім қабылдайды.

2. Адамзат қоғамында үздіксіз үрдіс жүріп жатады, яғни ұарапайым күйден күрделіге өту үрдісі. Сол сияқты мәдениетте даму үстінде.

3. Адамзат мәдениетіні дамуының жалпыға тән және әмбебап заңдылықтарына сай әртүрлі халықтар мен олардың мәдениетінің бірдеңгейлі даму сатылары бірдей нәтиже береді.

4. Барлық қоғам дамуы тірі табиғатқа тән эволюция заңдылығы бойынша жүреді.

5. Халықтар мәдениетінің әртүрлілігі олардың даму деңгейлерінің әртүрлілігінен туындайды.

Эволюционизмнің осал тұстары

1. Сынаушылар эволюционистердің көптеген фактілерге, оның ішінде әлемдік дағдарыс, мемлекеттердің құлдырауы, өркениеттердің жойылуыларына мән бермегендерін атап өтті.
2. Мәдени релятивизмді жақтаушылар әр этностың ерекше екенін атап өтіп, сол себепті олады бір бағанмен салыстыруға болмайды.
3. Диффузионистер эволюционистердің колонизация, миграция, жаулап алу т.б. фактілерін елемегендігін айыптады. Себебі бұл фактілер қоғам дамуын тездететін немесе бәсеңдететін аспектілер.

Этнологтардың бұл бағыттағы еңбектері

Эдвард Б. Тайлор (E.B. Tyler, 1832—1917) — негізгі еңбегі «Первобытная культура» («Primitive Culture») — 1871ж.

Герберт Спенсер — негізгі еңбегі «Системы синтетической философии» (A System of Synthetic Philosophy) - 1858ж.

Льюис Г. Морган (L. H. Morgan, 1818—1881) — негізгі еңбегі «Древнее общество» («Ancient Society») — 1877ж.

Джеймс Дж. Фрэзер (J. G. Frazer, 1854—1941) — негізгі еңбегі «Золотая ветвь» («The Golden Bough») — 1890ж.

Джон Ф. Мак-Леннан (J. F. MacLennan, 1827—1881) — негізгі еңбегі «Теория патриархата» («The Patriarchal Theory») — 1881ж.

Дж. Лаббок (J. Lubbock) — негізгі еңбегі «Происхождение цивилизации» («The Origine of Civilization») — 1870ж

Қорытынды

Этнологиялық білімнің әрі қарай дамуы барысында ХІХ ғасырдың аяғына қарай жаңа деректердің пайда болуы өмір шындығымен қарама-қайшылыққа түскен эволюционизмнің әлсіз жақтарын көрсете бастады. Мысалы, эволюционизм өкілдері мәдениеттегі тек сандық өзгерулерге сүйеніп қана мәдениеттің және оның құрамдас бөліктерінің өздігінен туындау үрдісі түсіндіре алмады және оған тырыспады да. Болашақтағы мәдени құбылыстардың шығуы адамзат тарихының бастауында жатыр деп түсінді. Этнографиялық экспедициялардың көптеген тың деректері эволюционистік ұстанымдармен сәйкес келмеді және оларды басқаша түсіндіруді талап етті. ХІХ—ХХ ғасырлар тоғысында эволюционизм этнологиядағы монополюды ықпалдан айырыла бастады. Осы жағдайда мәдениеттің пайда болуының, өзгеруінің және тарауының себептерін зерттеудің жаңа жолдары іздестіріле бастады. Осы ізденістің нәтижесінде әдеттегідей антиэволюционистік бағыттағы жаңа бағыттар мен мектептер қалыптаса бастады. Этнологтар мен антропологтардың бір бөлігі эволюционизмнен үміт үзіп, теориялық қорытындылар жасаудан мүлде бас тартып, негізінен эмпирикалық зерттеулерге бет бұрды.

Ой сергіту

1. “Эволюционизм” ұғымының негізін қалаушылар?
2. Антропологиялық эволюционизмнің классиктерін атаңыз?
3. Эволюционизмнің осал тұстарының бірін атаңыз?
4. Энтони Тайлор ма? Эдвард Тайлор ма? әлде басқа нұсқа

Пайдаланылган әдебиеттер:

1. Садохин А.П., Грушевицкая Т.Г. Этнология: Учебник для студ. высш. учеб. завед.— М., 2003.
2. Садохин А.П. Этнология: Учебный словарь. — М., 2002.
3. Белик А.А. Культура и личность — М., 2001.
4. Отюцкий Г.П. история социальной антропологии: учебное пособие для вузов. — М.: Академический проект: Гаудеамус, 2003.